

Режимдік шектеулердің қолданысы тоқтатыла тұратын Каспий теңізі жағалауындағы учаскелерді белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2025 жылғы 17 шілдедегі № 67/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 25 шілдеде № 36518 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 48-бабының 6-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Теңіз экономикалық қызмет аудандарын (теңіз порттары, су тарту арналары, газ терминалдары, теңіз дәліздері және фарватерлер) қоспағанда, Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы келесі жағалау учаскелерінде режимдік шектеулердің қолданысы 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатылсын.

Түпқараған мүйісінен - Үрдек мүйісіне дейін;

Саура кісі тұрмайтын кентінен Сағындық мүйісіне дейін;

Скалистый мүйісінен – Песчаный мүйісіне дейін;

Песчаный мүйісінен – Адамтас мүйісіне дейін.

Осы жағалау учаскелерінде аталған мерзімде белгіленген акваторияда жеке және заңды тұлғалар демалыс, туризм және спорт үшін пайдаланатын қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суүсті және суасты) кемелерге (құралдарға) және мұз үстімен жылжитын құралдарға теңізге екі мильге дейін қашықтыққа еркін шығуға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері таныстырылсын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК